

## ДЖ. ЛОНДОННЫҢ «ШЫДА!» ӘНГІМЕСІ М. ДӘУЛЕТБАЕВТЫҢ АУДАРМАСЫНДА (1930 ЖЫЛ)

Мәжит Дәулетбаевтың Джек Лондоннан аударған екінші әңгімесі «Шыда!» деп аталады. 1930 жылы екі аудармасы қатар кірген кітапшада «Діжек Лондонның «Шыда!» Лондонның өз өмір тарихы жөніндегі әңгімесі. Аударған: Мәжит» – деп көрсетілген.

Шығарманың қазақ тіліндегі «Шыда!» деп берілген атауы түпнұсқаға семалық, лексикалық, грамматикалық, мазмұндық және шығармаға қатысы жағынан балама.

Әңгіменің қазақ тіліндегі аудармасы типінің аспектілері бойынша:

1. Тілдік қатынастарына қарай – бинарлы, яғни бір табиғи тілден екінші және үшінші табиғи тілге аударылған. Ағылшын – орыс – қазақ тілдері.

2. Аударманы орындайтын субъектің аударма мәтін авторына қатысына байланысты – бұл дәстүрлі аударма.

3. Аударылатын мәтінді аудармашының сегментациялау және аударма бірліктерін қолдануына қарай – толық мәтіндік.

4. Аударма мәтінді презентациялау формасының

белгілері бойынша – аударма түпнұсқаның жазбаша пішінінен жазбаша пішінде берілген.

5. Түпнұсқаның сипаты мен сапасының сәй-кес келу белгілерінің дәлдігіне қарай аударма – түпнұсқаның коммуникативтік белгілерін дәл беретін және соған сәйкестендірілген аударма.

6. Аударманың жанрлық-стильдік қасиеті бойынша – көркем аударма.

7. Түпнұсқаның мағыналық мазмұнын беру белгілері бойынша – толық аударма (яғни қалдырып кетулер мен қысқартуларсыз).

8. Негізгі прагматикалық қызметіне қарай – аударма мәтін баспаға арналған.

9. Түпнұсқа ақпаратының біріншілігіне және жанамалылығына қарай – қазақ тіліндегі әңгіме аудармасы жанама, яғни екінші (орыс тілінен) тілден аударылған.

10. Аударманың адекваттылық типіне байланысты – аударма коммуникативтік бағытта жасалған.

Шығарманың орыс тіліндегі нұсқасында түпнұсқаның лексикалық, семалық, мазмұндық, пішіндік белгілері толық сақталған. Мәтіндерді салыстыру барысында түпнұсқаның алпыс жеті азат жолы толығымен орыс тіліне аударылғаны дәлелденді. Қазақ тіліндегі нұсқасында да барлық азат жолдар аударылған. Яғни, түпнұсқа мәтін толығымен екінші тілге аударылған. Аудармамен оқып-тану барысында орыс тіліндегі аударма нұсқа жолма-жол әрі, автордың жазу, баяндау мәнеріне балама, аудармашылық тұрғыдан ақпаратты беруде қателіксіз орындалып шыққан деп айтуға негіз бар. Мысалы, «*Barring accidents, a good hobo, with youth and agility, can hold a train down despite all the efforts of the train-crew to «ditch» him – given, of course, night-time as an essential condition*» [1, 1] – «Если исключить несчастные случаи, то сильный бродяга, молодой и ловкий, может удержаться на поезде, несмотря на все усилия поезда бригады «спихнуть» его; разумеется, существенным условием для его успеха является ночная пора» [2, 159] – «Қапылыста кездесетін жазатайым жұмыстар ғана болмаса, үйсіз, күйсіз жүрген кезбелердің жасы, жылпыны, күштісі, пойыз қанша туласа да шыдай береді, оп-оңай ғана түсіп қала бермейді. Бірақ мұның шарты түнгі мезгіл» [3, 9]. Орыс тіліндегі аудармада лексикалық сәйкестік сақталған. Оны біз сөйлемдердегі әр сөздің тура баламасының өз орнында тұрғанынан көре аламыз. Сонымен қатар мұнда сөйлемнің ұзақтығы, саны сақталған. Автордың қысқа, нақты сөйлеу стилі берілген. Қазақша нұсқада сөйлем екіге бөлінген. Бірақ, бұл сөйлемнің коммуникативтік және жағдайды сипаттау мақсатына кедергі келтірмейді. Бірақ сөйлемдер көбейген сайын, олардың құрамына енетін сөздер саны да артатыны белгілі. Қолданылған лексикалық құрам автордың баяндау стиліне өзгеріс ендіреді. Қазақ тіліндегі аударманың негізгі мақсаты оқырман моделіне негізделгендіктен, аудармашы көп жағдайда ақпараттың оқырманға түсінікті әрі пайдалы болуына баса назар аударатынын байқаймыз. Жоғарыда келтірілген мысалдағы «*поездная бригада*» ұғымы аудармада берілмеуі – аудармашының оқырманға таныс бола бермейтін ұғымдарды қолдануды сирететінін аңғартады. Бірақ аудармашы ол сөз тіркесінің орнын толтыру мақсатында жанынан қайталама динамикалық сөйлем бөлігін қосады: «*оп-оңай ғана түсіп қала бермейді*».

Джек Лондонның аталмыш очеркі қаңғыбастық өмірі кезеңінде өз басынан өткен оқиғасы туралы.

Шығармада диалог кездеспейді. Автор тарапынан баяндау үнемі үдемелі, өспелі динамика үрдісінде жүріп отырады. Себебі, очерк мазмұны автордың бірнеше түн бойы пойыз қызметкерлерімен тартысып-таласып, қиындықтар көре отырып, кейде өмірін тағдырына сеніп тапсыра, жанталаспен жүріп өткен қатерлі жолы туралы әңгімелейді. Очеркте тартыспен қимыл-әрекет суреттелгендіктен, шығарма сөйлемдерінде негізгі мағыналық рөл етістіктерге жүктелген. Мысалы, «*At eight sharp in the morning I started out after clothes. I worked energetically all day. I swear I walked forty miles. I interviewed the housewives of a thousand homes*» [1, 2] – «В восемь утра я вышел на охоту за платьем. Я энергично работал весь день. Готов поклясться, что я прошел сорок миль. Я опросил хозяйек чуть ли не тысячи домов» [2, 160] – «Таң ертең сағат сегізде киім тіленуге шықтым. Көп тілендім, көп жүрдім. Ант ет десендер ант етуге бармын, сол күні қырық шақырым жер жүрдім. Мың шамалы үйден тілендім» [3, 10].

Сатылы аударма барысында үш тілге де ақпараттық жағдайды сипаттау, автордың баяндау стилі, лексикалық және грамматикалық құрылым сақталып, эквиваленттіліктің бесінші дәрежесінде аударылған үзінді. Егер, эквиваленттіліктің бірінші дәрежесінде басты назар автор айтқысы келген негізгі ойдың тура және ауыспалы мағынасын беріп, оның лексикалық және грамматикалық тұрғыдан сәйкестігі аударма барысында аса маңызды болмаса, ал эквиваленттіліктің бесінші дәрежесінде коммуникация мақсаты, жағдайды сипаттау дәрежесі, жағдайды сипаттау тәсілі, мәтіннің баяндау құрылымы, мәтіннің лексикалық және семантикалық бөлшектерінің түпнұсқамен бірдейлік дәрежесі жоғары болады. Осы аталған белгілердің барлығы сақталғанда түпнұсқа қасиеттерін аударма арқылы толық бере алатын тең дәрежелі келесі бір тілдегі мәтінге қол жеткізуге болады. Эквиваленттіліктің бесінші дәрежеде жүзеге асуын қадағалайтын теория негіздері ХХ ғасырдың екінші жартысынан пайда болып, жіктеліп, аударма саласын зерттеу арқылы бүгінгі күнде осы көрсеткіштерге тоқталып отыр. Ал, бір келтірген мәтіннің автор стиліне жақындау дәрежесін төмендегі сызбадан көре аласыздар.

Автор                      Аудармашы                      Оқырман

Мәжит Дәулетбаев аудармасы барысында мәтіндегі мағыналық бірліктерден ауытқулар да кездесіп отырады. Мұндай жерлерде аудармашы сөйлемді қалдырып кетпейді. Орнына мағынасы аударма мәтінге сәйкес, бірақ, түпнұсқада жоқ

сөйлемдер қосып отырған: «In another age and clime they sat down by the waters of Babylon and wept. And in a vacant lot in Canada's proud capital, I, too, sat down and wept...» [1,8]. – « В другом веке и в другом климате я, может быть, сидел бы «на реках Вавилонских» и плакал бы. А теперь сидел на пустыре гордой столицы Канады и плакал... над грудой пирожных!» [2,18] – «Алдыма үйіп қойдым да, үлкен баласының қасында отырып жылаған адамша, «тәтті» пүйрежнайға қарап жылай бердім. Үйткені бұл пүйрежнайларға алданып аулақ жер іздемеген күнде, ауызым асқа тиетін еді» [3,165].

Аудармашы «на реках Вавилонских» деген тұрақты тіркесті аудармайды. Оның орнына соңғы сөйлемді өз жанынан қосады. Ол сөйлем автордың негізгі идеясына нұқсан келтірмегенмен, түпнұсқаға сәйкестенбейді. Тағы бірнеше жерден кездесетін осы тектес мысалдар, қазақ тіліне түпнұсқаның еркін аударылғанын көрсетеді. Қазақ тілінде оқырман моделіне негізделген мәтін берілген. Ал, мәтіннің бейімделу психологиясын зерттей отырып, оқырманға авторға жақын емес, өзіне жақын мәтін ұсынылғанын көрсетеді. Ал аудармашы тарапынан оқырман моделіне жақындау үрдісін байқаймыз. Бұл үрдісті сызба жүзінде төмендегідей белгілеуге болады:

**Автор      ®      Аудармашы      ®      Оқырман**

Аударманың жасалу барысында сол кезеңдегі жаңа ұғымдардың берілуі назар аударарлық категория. Мысалы, түпнұсқада, жазылған тілдің иесі – өзге елдің салтына орай пайда болған, аударылатын тілге, оқырманға таныс емес сөздерді алсақ: «сутка – сәтке; башмак – башымақ; тирожное – тәтті нан, пүйрежнай; слепой вагон – соқыр багон; тормозная площадка – тормознай плошиадке; смазчик – багондардың доңғалағын майлап

отыратын адам, станция – ыстанса; поли-ция – палитсия; паровоз – парауыз; бригада – бригада; минут – мүйнет; миль – шақырым; товар – тау-ар; товарный – табарной» – деп беріледі. Сонымен қатар таныс емес сөздердің аудармашы өзі ұсынған аударма баламаларын сөйлем ішінде түпнұсқадағы атауға қосымша беріп отырған. Мысалы, «Іші толған әр түрлі тәтті нан – пүйрежнай».

Аударма теоретигі В.Комиссаров түпнұсқаның мазмұны мен жүйесі тура немесе эквивалентті аударылған нұсқаларды ғана аударма деп мойындауды талап етеді. Ал эквиваленттілік заңдылықтарына бағынбайтын түпнұсқаның келесі тілдегі нұсқасын бейімделген транскодтау деп атауды дұрыс деп санайды. Жоғарыда келтірілген М.Дәулетбаев аудармасын адаптивті транскодтауға жатқызбайтын бірнеше себептер бар, олар: біріншіден, жасалған кезеңіне байланысты; екіншіден, аударылатын тілде қалыптасқан аударма теориясының мүмкіншіліктеріне байланысты. Сонымен бірге, адаптивті транскодтау мен аударманың мәнін айқындауға да бір ғана теория заңдылықтары қолданылатынына байланысты.

#### ӘДЕБИЕТ

1. London, Jack. Holding her down – <http://sunsite.berkeley.edu/London/> P. 1, P. 2, P.8
2. Займовский С.Г. Держись! Дж.Лондонның жиырма төрт томдық толық шығармалар жинағы. М.-Л.: Земля и фабрика. 1928. 1 т. С. 159, 160, 165.
3. Дәулетбаев М. Шыда! Алматы: ҚКӘБ., 1930. 9-б., 10-б., 18-б.
4. Гарбовский Н.К. Аударма теориясы. М.: Изд. МГУ, 2004, 1-б.
5. Паршин А. Аударма теориясы мен тәжірибесі. М.: Вавилон, 2005.